

ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР БІРЛЕСТІГІНІҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 2025 жылғы «27» тамыз

Өткізілген орны: Тасты ауылының ЖОББМ

Қатысқандар: қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің мұғалімдері

Жетекші: Жамц Хазираш

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **2024–2025 оқу жылындағы ӘБ жұмыстарының сараптамасы**
 - Бірлестік жетекшісі өткен оқу жылындағы жоспардың орындалуы, жетістіктер мен қиындықтар туралы ақпарат берді.
 - Мұғалімдер өз пәндері бойынша атқарылған жұмыстарға қысқаша шолу жасады.
2. **Нормативтік құжаттармен және әдістемелік нұсқау хатпен танысу**
 - Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаты таныстырылды.
 - Нормативтік құжаттар негізінде бірлестік жұмыс жоспары талқыланып, бекітуге ұсынылды.
3. **Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қарау**
 - Әр мұғалім өз пәні бойынша КТЖ-ны таныстырып, талқылауға ұсынды.
 - Факультатив сабақтардың жоспарлары қаралып, бекітуге ұсынылды.
4. **Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарын бекіту**
 - Мұғалімдер дарынды және үлгерімі төмен оқушыларды анықтап, жеке жұмыс жоспарын ұсынуы тиіс
 - Жоспарлар қаралып, бекітілуі керектігі айтылды
5. **ҰБТ-ға дайындық жоспарын бекіту**
 - 11-сынып оқушыларымен жүргізілетін дайындық жұмыстарының жоспары ұсынылды.
 - Пән мұғалімдері тест тапсырмаларын талдау, сынақ тесттер өткізу, қосымша сабақтар ұйымдастыру туралы айтылды
6. **9-сынып ОЖСБ және PISA дайындық жоспарын бекіту**
 - 9-сынып оқушыларына арналған дайындық кестесі мен әдістемелік ұсыныстар талқыланды.
 - Жоспар дайындап, бекіту керектігі жайлы айтылды
7. **Олимпиадаға дайындық жоспарын бекіту**
 - Пәндік олимпиадаларға қатысатын оқушылар анықталып, дайындық жоспары ұсынылды.
 - Жетекші мұғалімдер жұмыс жоспарларын дайындап, бекіту керектігі айтылды

Қаулы:

- Барлық ұсынылған жоспарлар мен құжаттар талқыланып, бекітуге ұсынылсын.
- Мұғалімдер өз пәндері бойынша жоспарларды мектеп әкімшілігіне бекітуге тапсырсын.
- Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, олимпиада, ҰБТ, ОЖСБ және PISA дайындықтары жүйелі түрде жүргізілсін.

Бірлестік жетекшісі: _____

